

Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 08 тамыздағы № 328 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 12 қыркүйекте № 2145 тіркелді. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 407 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 26.03.2015 № 407 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабына сәйкес Жаңаөзен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері белгіленсін: қала аумақтарын к ө р і к т е н д і р у ж ә н е ж и н а у .

2.«Жаңаөзен қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті» мемлекеттік мекемесімен келісу бойынша қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін соттарға тоқсан сайын ұсынсын.

3.Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. К ө ш м а ғ а м б е т о в к е жүктелсін.

4.Осы қаулы әділет орнында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С. Трұмов